



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2011 ж 14 қауан

НҰР-СҰЛТАН қаласы

№ *517*

город НУР-СУЛТАН

Ғылым саласындағы сыйлықтарды беру үшін жұмыстарды және мемлекеттік ғылыми стипендияларды беру үшін үміткерлерді іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы

«Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 шілдедегі № 830 қаулысының 19 және 35-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды іріктеу өлшемшарттары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды іріктеу өлшемшарттары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Ы. Алтынсарин атындағы сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды іріктеу өлшемшарттары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды іріктеу өлшемшарттары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған Д.А. Қонаев атындағы сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды іріктеу өлшемшарттары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Әлеуметтік ғылымдар саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған М.О. Әуезов атындағы сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды іріктеу өлшемшарттары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға ұсынылған кандидаттарды іріктеу өлшемшарттары;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес Талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендиялар алуға ұсынылған кандидаттарды іріктеу өлшемшарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі**

а



А. Аймағамбетов